Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 12 сәуір №7119-24-00-2/3376 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Баймурзина, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлім» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«РОСАВТОЗАП» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мейрамгуль Салауатовна Рахметова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлім» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «РОСАВТОЗАП» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мейрамгуль Салауатовна Рахметовані мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

«РОСАВТОЗАП» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мейрамгуль Салауатовна Рахметова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

РОСАВТОЗАП» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мейрамгуль Салауатовна Рахметова мемлекет кірісіне 6387 теңге мөлшерінде

Құжатқа қол қойылған: Баймурзина А. А., 12.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 20.05.2024, судья Баймурзина А. А., 21.05.2024
7119-24-3-1/2773

тұрақсыздық айыбы және 1909 теңге мөлшерінде төленген мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Баймурзина А.А.

Құжатқа қол қойылған: Баймурзина А. А., 12.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.05.2024, судья Баймурзина А. А., 21.05.2024

ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство - «ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - сот өндірісі -

7119-24-3-1/2773